

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Тіл саясаты комитеті ұйымдастырған «Құжат айналымдағы мемлекеттік
тілдің үлесін арттыру мәселелері» атты семинар-кеңеске қатысушылардың
ҰСЫНЫМДАСЫ**

Астана қаласы

27.06.2024 жыл

Төрағалық етуші: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары Майраш Қайыргелдіқызы Сағымбаева

Қатысушылар: Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау облыстары әкім аппараттарының мемлекеттік тілді дамыту және құжат айналым мәселелеріне жауапты тұлғалары қатысты.

Күн тәртібі

1. Құжат айналымдағы мемлекеттік тілдің үлесіне жүргізілген мониторинг қорытындысы
2. Ведомстволық бағынысты ұйымдарда құжат айналымдағы мемлекеттік тілдің үлесі
3. Бұлтты құжат айналымына «Нормабақылау» келісу функциясын енгізу
4. Кәсіпкерлік субъектілеріндегі мемлекеттік тілде фискалдық чек шығаратын бақылау-касса машиналары туралы
5. Ағымдағы мәселелер

Семинар қорытындысы бойынша қатысушылар төмендегідей **ҰСЫНЫМДАМАЛАРДЫ** қабылдады:

1. Негізгі баяндамашылар мен қосымша сөйлеушілердің ақпараттары мен пікірлері назарға алынсын;

2. Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдері аппараттарындағы мемлекеттік тілді дамыту және құжат айналым мәселелеріне жауапты басқамалар:

1) 2024 жылғы 5 шілдеге дейін әкім аппаратының, облыстық басқармалардың, аудандық/қалалық әкімдіктердің, бағынысты ұйымдардың құжат айналымдағы мемлекеттік тілдің үлесі туралы ақпаратын жинақтап Комитетке ұсынуды қамтамасыз етсін;

2) 2024 жылғы 15 шілдеге дейін өңірлік тілдерді дамыту жөніндегі басқармалар/бөлімдер ауылдық округі әкім аппараты, ведомстволық бағынысты (мемлекеттік мекеме қарамағындағы) ұйымдардағы құжат айналымның мемлекеттік тілдегі үлесіне мониторинг жүргізісін;

3) 2024 жылғы 30 шілдеге дейін 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы ірі жекеменшік кәсіпорындардың құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесіне мониторинг жүргізісін;

4) 2024 жылғы 30 шілдеге дейін ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының (07.06.2024 жылғы № 16-04/05-4040) 7-тармағын орындау мақсатында бағынысты ұйымдарда құжат айналымдағы мемлекеттік тілдің үлесін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырсын;

5) аудан/қала әкімдіктерінде, мемлекеттік мекемелерде бұлтты құжат айналымына «Нормабақылау» келісу функциясын енгізуді қамтамасыз етсін;

6) 2024 жылғы 10 шілдеге дейін Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 7-тармағын орындау мақсатында кәсіпкерлік субъектілеріндегі мемлекеттік тілде фискалдық чек шығаратын бақылау-касса машиналарына мониторинг жүргізісін.

**ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитеті
төрағасының орынбасары, төраға**

М.Қ. Сағымбаева

**ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің
бас сарапшысы, хатшы**

Б. Иісбекұлы